

"Жаңақоныс ауылдық округінің көшелерін атау туралы"

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Жаңақоныс ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 26 қазандағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысы Шалқар аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 қарашада № 3-13-160 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде "селолық" сөзі тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Жаңақоныс ауылдық округінің әкімінің 26.05.2017 № 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің мемлекеттік тілдегі атауында және бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөздері тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Жаңақоныс ауылдық округінің әкімінің 05.12.2014 № 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 35 бабының 2 тармағына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 заңы 14 бабының 4 тармақшасына және халықтың пікірін ескере отырып, Жаңақоныс ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Жаңақоныс ауылдық округінің Аққайтым және Қопасор ауылдары көшелеріне келесі атауларды беру:

- 1) Шалқар көшесі – Солтүстік батыстағы 1-ші көшеге
- 2) Достық көшесі – Батыстағы 2-ші көшеге
- 3) Бейбітшілік көшесі – Батыстағы 3 – ші көшеге
- 4) Мұздайқұдық көшесі – Солтүстік шығыстағы 1-ші көшеге
- 5) Интернационалистер көшесі – Шығыстағы 2-ші көшеге
- 6) Жаңақоныс көшесі – Шығыстағы 3-ші көшеге
- 7) Ардагерлер көшесі – Оңтүстік шығыстағы 4-ші көшеге
- 8) Қопасор көшесі – Шығыстағы бірінші көшеге

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жаңақоныс ауылдық округінің әкімі Е. Данабекке жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақоныс ауылдық округінің
әкімі:*

Е. Данабек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК